



Нұр-Сұлтан қаласы
№83 мектеп-гимназиясы



Тақырыбы:

**Физика сабағында
өзіндік жұмыстар
арқылы оқушылардың
білім сапасын арттыру.**



**Педагог-зерттеуші
Физика пәнінің мұғалімі:
Смаилова Қымбат
Досыбекқызы**



Мақсаты:

Жас ұрпаққа жаңаша білім беру жолында өзіндік жұмыстар арқылы пәнге қызығушылығын арттыру.




Ой қозғау

Қандай өзіндік жұмыстар
қолданар едіңіз?



Өзіндік жұмысты дамыту
маңызды ма?





Өзіндік жұмыстар әртүрлі әдістер арқылы іске асырылады, мысалы, жаттығу, кітаппен жұмыс істеу, бақылау, есеп шығару, эксперимент жүргізу. Өзіндік жұмыстарды сыныпта орындалатын өзіндік жұмыстар және үйде орындалатын өзіндік жұмыстар деп қарастыруға болады. Сыныпта орындалатын өзіндік жұмыстардың негізгі қызметін бақылау, тексеру болса, үйге берілетін өзіндік жұмыстар қызметі бекіту, жалпылай қорыту, нақтылап дәлелдеу болып табылады. Дұрыс ұйымдастырылған өзіндік жұмыстар жеке тұлғаның еркін дамуын, ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар танымдық күзіреттіліктерін қалыптастырады, мінез-құлқындағы өзіндік мәнін қарастырады. **Ахмет Байтұрсынұлының пікірі бойынша, бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек.**

Өзіндік жұмыстың маңызы

Мектепте мұғалімнің қатысуымен өткізілетін сабақ алғашқы орында тұрғанмен, оқушылардың қызығушылықтарына, бейімділіктері мен қабілеттеріне қарай олардың шығармашылық дамуына қосымша қажетті жағдайлар жасалады. Білім алу – адам өмірінің ең басты қажеттілік. Білім арқылы оқушының дүниетанымы дамиды, ой-өрісі кеңейеді, белгісізді таниды, өзін толғандыратын сауалдарға жауап табады. Оқушы бойында қалыптасатын осы қажеттіліктердің барлығы сабақ үдерісінде орындалатын түрлі тапсырмалар мен жаттығуларға байланысты болады. Жүйелі түрде тиянақты тапсырмалар беру арқылы оқушы зейінін шоғырландырып, назарын нақтылы тақырыпқа аудару оларды ғылыми негізде ойлауға, өмірді танып-білуге, өзін-өзі дамытуға үйретеді. Мұғалім тарапынан берілген мазмұнды тапсырмаларды орындап, тиянақты білім алуға ұмтылады.



Өзіндік жұмыс дегеніміз - сабақ үстінде алған білімді мұғалімнің Көмегімен және бақылауымен, бірақ оның қатысынсыз орындайтын жоспарлы жұмыс.



Өзіндік жұмыстың тиімділігі:

1. Зерттелетін тақырыптың, қарастырылатын мәселенің төңірегінде білімді тереңдетуге;
2. Өз пікірін айтып, оны дәлелдей алуға; ізденушілік қабілеті ұшталады
3. Теория мен практиканы ұштастыра қолдануға мүмкіндік жасайды





ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Өзгеріске, жаңалыққа толы бүгінгі заман: мұғалімге ХХІ ғасыр бәсекесіне сай, жан-жақты білімді, дарынды, әлемдік білім кеңістігіне ұмтылатын жеке тұлғаны дайындауды міндеттейді. Мемлекеттің күшейіп гүлденуі, әрине, жеке тұлғаға, яғни болашақ дарындыларға тәуелді екені сөзсіз. Ұстазға, алдында отырған бірі шапшаң, бірі баяу, енді біреулері төмен қабылдайтын зейіні, қабілеті, қабылдауы, есте сақтауы әрқилы жеке тұлғаның жүрегіне жол тауып, олардың танымдық құзіреттіліктерін дамыту күрделі құрылым екені даусыз. Сондықтан ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім тұлғаны тек жаңа тұрпатты тың көзқарасы бар педагог қана қалыптастыра алады.

Оқу-тәрбие үрдісін даралауда оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдау, яғни оқушының өзіндік танымдық құзіреттіліктерін қалыптастыруға бағыттау білім беруде жеке оқытуды дамытуға көзделуі қажет. Мұғалім үнемі жеке тұлғаға танымдық қабілеттерін дамыту жолдарын нұсқап отырса, онда балалардың өздері де ізденіске түседі. Қазіргі өзекті мәселелердің бірі-осы. Ал жеке тұлға-қоғам мүшесі ретінде, өзіндік өмір сүру бейнесіне сай, жеке құқыққа, танымдық қабілетке ие, саналы әрекет, қарым-қатынас жасай алатын, рухани құндылықтарды бойына жинаған, дүниетанымдық, интеллектуалдық мінез-құлық ерекшеліктерімен дараланған, өздігінен іздену арқылы білім мен іскерлігін жетілдіріп ұдайы даму үстінде болатын жан.

мәтін құрастыру,
әңгіме жазу;
сурет бойынша
мәтін құрастыру

тест
тапсырмалары

физикалық
құралдармен
жұмыс жасау

деңгейлік
тапсырмалар

түрлі кестелерді
толтыру; сөзжұм
бақтар
құрастыру

Өзіндік жұмыс
тапсырмалары

есептер
шығару

физикалық
диктант

сұрақ-жауап

анықтамалар

формулалар

терминология

Физикалық диктант

- 1) Дененің массасы мен қозғалыс жылдамдығының көбейтіндісі _____
- 2) Күш импульсі _____
- 3) Дененің немесе материялық нүктенің күйін сипаттайтын шама _____
- 4) Сыртқы күштердің әсері болмаған кезде ішкі күштердің әсері болатын жүйе _____ деп аталады.
- 5) Дененің өзара әсерлесу энергиясы _____
- 6) Қозғалыстағы дененің энергиясы _____
- 7) Реактивті қозғалыс _____



- 1) Импульс
- 2) Дене импульсінің өзгерісіне тең
- 3) Механикалық энергия
- 4) Тұйықталған
- 5) Потенциалдық
- 6) Кинетикалық
- 7) Дененің бір бөлігінің қандай да жылдамдықпен бөлініп шыққан кездегі қозғалысы

5 – «3»

6 – «4»

7 – «5»

Профессор Т.С.Сабыров өзіндік жұмысты ұйымдастырудың негізгі жолдары мен шарттарын анықтай отырып былай деп көрсеткен: «Оқушылардың өздігінен білім алуға деген қажеттері мен дағдылары өзінен-өзі пайда болмайды: мұндай қасиеттер мектепте мұғалім мен оқушылардың сабақ пен сабақтан тыс жұмыстарда бірлесе отырып, оқу-таным әрекетін ұйымдастыру үрдісінде қалыптасады.» Оқушылардың әр түрлі деңгейдегі өзіндік жұмыстарды орындауы олардың өзіндік танымдық қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді: танып білу қабілеттерінің дамуына, өзіндік ойлауға талпынуға, жаңа жағдайда дұрыс бағыт-бағдар жасай алуға, өз ойын еркін, дәлелді жеткізуге, ақпаратты сыни бағалауға, жаңа дерек көздерін дәйектілікпен талдауға, танымдық күзіреттіліктерде басшылыққа ала білуін қамтамасыз етуге, өз Отанының саналы азаматы болып өсуіне көмектеседі. Оқушының өзіндік танымдық күзіреттілігі көбінесе оқушының жасына, шамасына, білімді қабылдай алу деңгейіне, дайындығына, ынтасына, қызығушылығына, түрлі деңгейдегі тапсырмаларға, мұғалім мен оқушы арасындағы дұрыс түсінушілікке, қарым-қатынасқа, мұғалімнің басшылығына байланысты. Мұндағы ең бастысы оқушы орындап отырған өзіндік жұмысының мазмұны мен сипаты онда танымдық күзіреттіліктерін қалыптастыруға, тапсырмаларды орындауға деген талпынысты тудыру болып табылады.



Оқушыларды ынталандыру әдістері



1)Мадақтау-оқушының әрекетіне ұнамды баға беру

2)Мадақтау – оқушының ұнамды көңіл-күй сезімін көтереді

3)Мадақтау-балада өзіне деген сенім орнықтырады.
Жұмысты орындауға деген көңілін арттырады.

4) Тек табысқа жеткен оқушыны ғана мақтап шектелместен,шын ықыласымен еңбектенген оқушыға да жылы лебіз,мадақ сөзді аямаған жөн.

5) Өзіне сенімі жоқ үлгерімі төмен оқушыны қолдап,қуаттау қажет.

6)Өзіне үлкендердің сенімін артқан бала,өз кемшіліктерін жойып,дұрыс жолға түседі.

7)Пәнаралық байланысты жетілдіру түрлері:музыкалық әуендер,фильмдерден үзінді көрсету.

Өзіндік жұмыстар орындау
кезінде оқушыға мынадай
талаптар қойылды

1.Кез-келген тапсырмамен өздігінен
жұмыс істей білу

2.Өз бетінше талдау жасап
қорытындылай білу

3.Өз ойын толық айта білу, түсіндіре
білу, басқаны үйрете білу

4.Басқаны тыңдай білу, ақпаратты қабылдай
білу(ақпаратты терең түсіну, сұрақ қоя білу)

5.Топпен қарым-қатынас жасай білу, ұйымдастыра білу(өзін-өзі
тексере, бағалай білу)



Қиындықтар мен кедергілер



1. Уақыт тапшылығы
2. Кейбір оқушылардың жауапкершілігінің болмауы
3. Интернеттің қолжетімсіздігі

Опфер мен Педдер «Үздіксіз кәсіби дамудың көлемді зерттеуі» Оқушының оқудағы нәтижесін арттыратын 6-факторды анықтады. **(Оқытудың қиындықтарын анықтау, кері байланыс, уәж, болжау мен сұрыптау, стандартты бақылау мен орындау, мазмұны мен білім беру стилін анықтау)**


Пол Блэк пен Дилан Уильям «Оқыту үшін бағалау» кітапшасынан әдіс-тәсілдерді оқыдым.

Джон Дьюи «Біз қалай оқимыз?» деген кітабы рефлексивтік ойды шешуге жататын мәселелерді зиткерлендіру тұрғысынан қарастыра отырып, идеялар мен болжамдарды дамытып, практикалық жағдаяттардың зерттеулеріне бастама жасап және іске асыра отырып оқытуға ерекше ықпал етті.

Этикалық нормаға сәйкес оқушылардан және ата-аналарынан қатысуға келісім алу

Өзім 7 «Ә»-сыныптың жетекшісімін, оқушылар мен ата-аналарымен МЕЕТ-бағдарламасымен жиналыс өткіздім.

Тақырыбы- «Мектеп оқушысының оқу іс-әрекетіндегі үй жұмысының маңызы»





7 «Ә»-сынып оқушысы Қапар Динаға анализ талдау



Қапар Дина 7«Ә»-сыныбында оқиды. Үй жағдайында қадағалау аз, мінезі өте тұйық, сабаққа ынтасы және ұмтылушылық жоқ. Түрлі әдістегі тапсырма беріп, пәнге деген қызығушылығын қалыптастырамын. Кластер түрінде, көптеген тапсырмалар беріп, соны оқыту арқылы түсінік қалыптастырып, оқулықтан тапсырма беріп, сабаққа деген ынтасын көтеру мақсатында қосымша жұмыстар жүргізілді. Ата-анамен, пән мұғалімдермен тығыз қарым-қатынаста болдым. Жыл басында өте төмен көрсеткіш көрсетті. Себебі үй жағдайында қадағалау аз болды. Динада дұрыс көзқарас қалыптастыру үшін ең алдымен ең оңай қызықты материал дайындаймын, өте тұйық баланың ашылуына тек сұрақ-жауап, мазмұндау, қайталау жұмысын беремін. Қабылдау деңгейі төмен санатта екенін ескеріп, Физикалық анықтама айту, формуланың атауы, Ғалымдардың атын білу, еңбектерін айту, Заңдарды жатқа айту, үлестік-еселік жалғаулардың кестесін жатқа айту, дайын кестелер мен сызбаларды пайдалану, оқулықтағы тапсырмаларды орындау арқылы жұмыстар жүргіздім. Осы жасаған жұмыстардың көрсеткіші дәптерге орындап, жауабы дұрыс па? -деп сұрап, жауап алуға тырысты. Оқушыларды ынталандыру әдістерін қолдандым, кемшілігін айттым, қатесін бірден түсінгенін байқадым, мадақтау арқылы келесі тапсырманы орындауда осы қателер қайталанбауын ескертіп отырдым. Дина күнделікті сабаққа қатысуы байқалды, яғни қалыптастырушы бағалау бойынша жақсы деген бағалар ала бастады.

Сауалнама – Сәлем дос!


Мақсатым-Оқушылардың ойлау қабілетін, жауапкершілігін, қызығушылығын анықтау.

- 1) Сені не қызықтырады?
- 2) Егер сенде таңдау болатын болса, қай пәндерге көп қатысатын едің?
- 3) Сұрақтың жауабын білсең де сыныптасыңнан сұрайтын, тексеретін кездерің болды ма?
- 4) Сенің ойыңша өз жауабыңа сенімді болу үшін не істеу керек?
- 5) Үй тапсырмаларын орындауда қиындық туады ма?
- 6) Сен қиындықты қалай шешесің?





Сауалнама нәтижесі



**Назарларыңызға
рахмет !**

